



ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ: ДӘСТҮР БАСТАУЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Фараби оқулары университеттің 80 жылдық мерейтойын тойлау аясында алғаш рет халықаралық деңгейде өткізіліп отыр. Бұл форум екі апта бойы жалғасып, онда жетекші отандық және шетелдік ғалымдардың қатысуымен ғылыми конференциялар, сессиялар, дөңгелек үстелдер, авторлық семинарлар, байқаулар өтеді.

Фараби оқулары аясында әлем ғалымдарының әріптестігі мен заманауи диалогта жаңа платформа болатын «Әбу Насыр әл-Фараби: дәуір сұхбаттастығы» атты халықаралық форум ашылды. «Бүгінгі форум жалпы ғылым дамуына жаңа шабыт беріп және зерттеу бағыттарында заманауи тұрғыдан ұлы ойшылдың шығармашылық мұрасының негізін ұғыну болып табылады. Ғылым мен білім берудегі бірігуді, рухани-адамгершілік және бүгінгі қоғамдағы интеллектуалды мәдениетті жақсартуды, аман-сау қоғам құрудағы Мәңгілік ел – ұлттық идеясы біріккен Қазақстан-2050 стратегиясындағы міндеттерді іске асыруды, өзекті мәселелерді басты назарда ұстауды мақсат етеді», – деді форумның ашылу салтанатында ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов. Сондай-ақ университет басшысы әлемдегі Аристотельден кейінгі екінші ұстаз, данышпан ғалымның өмірбаянына, соңына қалдырған еңбектеріне тоқтала келіп, университетіміздің ғалымдары, ұстаздары мен жастары бабамыздың атын құрмет тұтып, оның ғылыми трактаттарын, өсиеттерін зерттеп, одан әрі дамытып, насихаттап кейінгі ұрпаққа аманат етуге үлестерін қосады деген сенімін жеткізді. Ғылыми және мәдени қоғамға әл-Фараби мұраларындағы қайырымды қала туралы ілімі негізге алынып жасалған «Al-Farabi university smart city» инновациялық моделін ұсынды. Бұл жобаның мақсаты – жаңа технологиялардың бір-біріне оңтайлы әсер етуі негізінде және қоғам дамуына инновациялық ықпал ете отырып, рухани-адамгершілік құндылықтарды көрсету арқылы жаңа форматтағы университет жасау. Модельдің іске асуы университеттік маңызды міндеттің орындалуына мүмкіндік беріп, азаматтық жаңа буын қалыптастыруға, заманауи құнды жүйеде бағыт анықтауға, өзіндік реттеуде және «адам-қоғам» өзін-өзі дамыту жүйесінде басты принциптерді бекітуге септігін тигізеді.

Форумның ашылуына 50-60 жылдардағы ҚазҰУ түлегі, белгілі қоғам қайраткері, ақын, жазушы О. Сүлейменов, ҚР ҰҒА академигі М. Жұрынов, ҚР БЖҒМ ғылым комитеті ғылыми-зерттеу институттарының директорлары – Ә. Дербісәлі және З. Шаукенова, танымал отандық және



шетелдік ғалымдар – Ә. Нысанбаев, А. Фишлер (Франция), Я. Айдынлы (Түркия) және басқалар арнайы келіп қатысты.

Францияның белгілі ғалымы Альберт Фишлер: «Биыл әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 80 жылдығын тойлап отыр. Әл-Фараби ұлы ойшыл, әлемдегі екінші ұстаз. Ол батыс пен шығыстағы байланысты орнатқан тұңғыш адам деп білемін. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар, философия және саясаттану факультеттерінде дәріс оқыдым. Сорбона мен ҚазҰУ

Жалғасы 2-бетте

ЖҮРЕКТЕРГЕ СӘУЛЕ НҰРЫН СЕПКЕН КҮН

Сәуір айы игілікті істермен басталды. Олай дейтініміз, 4 сәуір күні ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтановтың бастамасымен жүзеге асырылып келе жатқан «Айналанды нұрландыр!» жобасы аясында университет оқытушылар құрамы мен студенттердің басын біріктірген әдеби-сазды кеш өтті.



Барлық жастарды қоғамды дамытуға жұмылдыру үшін бүгінде ҚазҰУ-да жасалып жатқан жобалар аз емес. Соның бірі – бүгінде зор қолдауға ие болған «Айналанды нұрландыр!» жобасы. Осы жобаны насихаттау мен дамытуды мақсат

тұтқан жаратылыстану бағытында білім беріп жатқан факультеттердің оқытушылар құрамы мен студенттері біріге отырып, бейресми кеш ұйымдастырды. Кеш ректор Ғалым Мұтановтың сөзімен басталды: «Бізді біріктіріп тұрған білім ғана емес, адами құндылықтар. Сіздермен жұмыла отырып, мына қоғамды дамытуға, жаңғыртуға ат салысуға тиістіміз. Сондықтан да біз білім мәселесінен тыс, қоғамдық істермен айналысу бағытында жұмыс жасау үшін осындай бейресми іс-шара ұйымдастырып отырмыз», – деді ректор. Сөз барысында ол «Al Farabi University Smart City» ғылыми инновациялық жобасы мен әл-Фараби ілімін дамытудың маңыздылығын баса назарға алды. Сонымен қатар өз жырларын халыққа ұсынып, барша адам айналасын нұрландырып жүрсе, демек, қоғамның да нұрланатынын өлең шумақтарымен жүрекке жеткізді.

Осы тұста ректордың марапаттауымен алғыс хаттар алған төмендегідей студенттер шынымен-ақ университетінің барлық қоғамдық жұмыстарында белсенділік танытып келеді. Олар: физика-техникалық факультетінің 2-курс студенті – Әйгерім Шәпиева; география және табиғатты пайдалану факультетінің 2-курс студенті – Дүйсенбай Ақжол; биология және биотехнология факультетінің 2-курс студенті – Динара Найзабаева; механика-математика факультетінің 2-курс студенті – Нұрғали Дәурен; философия және саясаттану факультетінің 3-курс студенті – Гаухартас Бересова; физика-техникалық факультетінің 3-курс студенті – Рахат Бахытжан; журналистика факультетінің 3-курс студенті – Айсұлу Ерниязова; география және табиғатты пайдалану факультетінің 3-курс студенті – Дәурен Арубаев; химия және химия технология факультетінің 3-курс студенті – Нұрайнаш Себепқалиева. Марапаттау рәсімі өз мәресіне жетісімен «Қазақ елі осындай» әнімен көрерменге әдемі көңіл-күй сыйлаған «Студенттік көктем-2014» байқауының жеңімпазы Нұргүл Құттықия зор қошеметке ие болды. Әсем әуеннен соң сөз кезегі «Айналанды нұрландыр!» жобасын қабылдап, оны насихаттауда белсенділік танытып жүрген экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы Баян Ермекбаева мен журналистика факультетінің деканы Өмірхан Әбдиманұлына берілді. Өмірхан Әбдиманұлы өз кезегінде Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың биылғы кезекті халыққа

Жалғасы 4-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

**ВЕЧЕР ВЫПУСКНИКОВ
УНИВЕРСИТЕТА
РЕДИНГА**



2-стр.

БҮГІНГІ САНДА:

**ТҰМАНБАЙ
МОЛДАҒАЛИЕВ –
ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫНЫҢ
КОРОЛІ**



6-бет

БҮГІНГІ САНДА:

**№5 СТУДЕНТТЕР
ҮЙІНІҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА
40 ЖЫЛ**



7-бет

**ҚАЗҰУ МАГИСТРАНТТАРЫ
ЛОТАРИНГИЯ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ДИПЛОМЫН ИЕЛЕНДІ**

Қос диплом бағдарламасы бойынша білім алған магистранттарға кешегі Ғылыми кеңесте француздық ЖОО президенті Пьер Мюценарт саатанатты түрде диплом табыстады. Ол қос диплом бағдарламасы түлектеріне диплом табыстауға арнайы келген алғашқы университет басшысы болып отыр.

Стратегиялық әріптестік аясында ҚазҰУ-ға президент П. Мюценарт бастаған Лотарингия университетінің делегациясы келгенін атап өтуге тиіспіз. Мәжілісте ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов қонақтарды таныстырып өтті. Олар: Халықаралық және әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынас бойынша вице-президент Карл Томбр, Халықаралық және әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынас бойынша вице-президенттің арнайы кеңесшісі, «Геоэнергетика» Франция-Қазақстан орталығының директоры Михаил Панфилов, IRENEE зертханасы директорының орынбасары, заң факультеті деканының көмекшісі Пьер Тифин, электр және механика мектебінің индустриалды қарым-қатынастар директорының орынбасары; Лотарингия университетіндегі қайта жаңғыртылатын энергияның зерттеу тобына жауапты Мелика Инаж, әкімшілік-қаржы басқармасы және «Лотарингия-Қазақстан университеті» жобасының жетекшісі Лариса Алле, Францияның Алматы қаласындағы Бас консулы Патрик Ренар, мәдениет және ынтымақтастық мәселелері бойынша кеңесші Йоанн Юрес, университеттік ынтымақтастық бойынша атташе Северин Ван Гастель, «Геоэнергетика» орталығының директоры Пегги Скремин.

«Бұл кездесу екі оқу орны арасындағы жоғары деңгейлі әрі жемісті әріптестікті дәлелдеп отыр. Ол Қазақстан мен Франция мемлекеттері арасындағы стратегиялық әріптестік рухына толықтай сай келеді. Лотарингия университеті – француздық ЖОО арасындағы ҚазҰУ-дың басты серіктестерінің бірі. Екі университет бірге жоғары білікті маман даярлау және инновациялық ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру үшін күш біріктірді», – деді ректор Ғалым Мұтанов.

Президент Пьер Мюценарт екі жақты әріптестіктің маңыздылығын атап өтті. «Екі университет те өз елдерінің үздік оқу орны болып табылады. ҚазҰУ-дың халықаралық байланыс саласында атқарып отырған ауқымды жұмысы мені тәнті етті. Біздің жемісті әріптестігіміз нәтижелерінің бірі – қосдиплом бағдарламасы. Лотарингия университетіне басымдық бере отырып, ҚазҰУ студенттері дұрыс таңдау жасады. Олар өздерінің ғылыми зерттеу жұмыстарын әлемнің үздік зертханаларында жүргізуге мүмкіндік алды. Біздің сапарымыз ҚазҰУ-дың 80 жас мерейтойлық жылында жүзеге асуымен де ерекшеленеді. Университет ұжымына алда да зор жетістіктер мен табыстар тілеймін!» – деді ол.

Өз кезегінде қос диплом иегерлері Қазақстан мен Франция оқытушы-профессорларына шексіз алғыстарын білдірді. Үздік ЖОО-лардан білім алып отырған олар ел игілігі, Отанымыздың өркендеуі үшін қызмет ететіндіктерін жеткізді.

Сонымен қатар мәжіліс барысында өзге де жарқын сәттер мен маңызды шаралар орын алып, күн тәртібіндегі өзекті мәселелер талқыланды.

Әйгерім ӘУЕЗХАН

ВЕЧЕР ВЫПУСКНИКОВ УНИВЕРСИТЕТА РЕДИНГА

18 марта в Алматы прошла встреча выпускников университета Рединга (Великобритания) под названием: «Alumni dinner of University of Reading». На встречу были приглашены преподаватели из КазНМУ им. Асфендиярова, КазНТУ им. К. Сатпаева, КазУМОиМЯ им. Абылай хана, Немецкого университета им. Гете. В составе почетных гостей вечера присутствовала делегация из преподавателей КазНУ им. аль-Фараби (Оналбеков Е., Маусумбекова С., Тлепбергенова А., Арзаева М., Болатова Г., Дошанова А., Мустафаева А., Нажипқызы М., Далабаева Н., Туякбаева Н.), проходивших научную стажировку в рамках стипендиальной программы Центра международных программ «Болашак» в университете Рединга. Встреча была организована представителями университета Рединга, в том числе директором Института образования профессором Энди Гудвином, а также сотрудниками международного отдела Александрой Брокмейой и Кульхановой Айтжамал.



На мероприятии обсуждались вопросы международного и регионального сотрудничества между университетами, вопросы академической мобильности студентов, магистрантов, преподавателей. Несмотря на официальный тон вечера, в целом царил праздничный обстановка. Были вручены символические от университета

Рединга выпускникам, и наоборот, гостям из Великобритании были презентованы национальные сувениры, в том числе от преподавателей КазНУ им. аль-Фараби.

Е.С. ОНАЛБЕКОВ,
к.пед., н., старший преподаватель кафедры общей и этнической педагогики

**ГЕНЕРАЛЬНЫЙ КОНСУЛ
ПОСОЛЬСТВА ФРАНЦИИ
НА ФАКУЛЬТЕТЕ
МЕЖДУНАРОДНЫХ
ОТНОШЕНИЙ**

13 марта по приглашению французского центра кафедры дипломатического перевода (руководитель – Манабаева Ж.Д.) Генеральный консул посольства Франции в Алматы Патрик Ренар посетил факультет международных отношений. Консульство посольства Франции в Алматы очень тесно сотрудничает с нашим факультетом, часто проводятся встречи французских профессоров со студентами и ППС нашего факультета. Старший преподаватель Манабаева Жани Дуйсеновна по линии сотрудничества с французским Альянсом, при котором действуют курсы французского языка, проводит большую работу со студентами, организуя их участие в различных конкурсах Альянса. Студентам, победившим в конкурсах, выдаются гранты на обучение в университетах Франции.

Генеральный консул до встречи со студентами побеседовал с деканом ФМО профессором К.Н. Шакировым. Позже Патрик Ренар прочитал лекцию на тему «Внешняя политика Франции: «Роль консульства и деятельность консульства Франции в Казахстане»». Лекция была очень интересной, и студенты факультета международных отношений, прослушав ее, начали задавать вопросы г-ну Ренару. Вопросы были разного характера, но больше всего наших студентов интересовала ситуация на Украине, позиция Франции по этому вопросу. Разгорелись настоящие дебаты, поскольку студенты-международники очень хорошо разбираются в международной политике. Они выразили свою точку зрения по многим аспектам. Самыми активными были Назаров Алдияр, Кульбаев Бекзат, Камбаров Руслан, Алексеев Руслан (1 к.МО), Ким Наталья, Мухит Ержан (3 к.МО), Щербак Светлана (2 к.МП)

Г.А. КАРИПБАЕВА,
старший преподаватель кафедры дип.
перевода ФМО

**АУДАРМАТАНУДЫҢ
ЗАМАНАУИ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінде аударма теориясы және әдіснамасы кафедрасының ұйымдастыруымен дәстүрлі «Аударматану және әдеби компаративистиканың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті.



Биылғы конференция университеттің 80 жылдық мерейтойына арналды. Шараны кафедра меңгерушісі, профессор Ә.Тарақов ашты. Онда аударматанудың әдіснамалық мәселелері, аударма және мәтінтану, көркем аударма және әдеби компаративистиканың өзекті мәселелері бағыттарында баяндамалар жасалды. Сондай-ақ конференцияға Стамбул мәдениет университеті, ғылым және әдебиет факультетінің деканы, түрік тілі және әдебиеті кафедрасының профессоры, PhD доктор Омур Жейлан, проза аудармашысы, ПЕН-клубтың мүшесі Ү. Тәжікенова, Абай атындағы

ҚазҰПУ профессоры, аударма зерттеушісі А. Жұмабекова және т.б. атсалысты. Олар қазақ аударматануы ғылымының қазіргі жайы, әдеби байланыстар төңірегінде өткір мәселе қозғады. Аударма ісінің магистранттары мен студенттері де өз баяндамаларымен қатысты. Конференция жұмысы секцияларда жалғасып, дөңгелек үстелде қорытындыланды.

Л. МҰСАЛЫ,
аударма теориясы және әдіснамасы
кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

Жалғасы. Басы 1-бетте

ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ: ДӘСТҮР БАСТАУЫ

арасында орнатылған байланыс бар», – деді. Ал Олжас Сүлейменов бабамыз әл-Фараби жайлы әлі де болса көптеген мәлімет жеткіліксіз екендігін, әсіресе орта мектеп пен жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларына толық енгізілмей жатыр деген пікірін білдірсе, осы тұсты жетілдіруде ҚазҰУ ғалымдарының айтарлықтай еңбек жасап жатқаны жайлы әл-Фараби орталығының директоры Жақыпбек Алтай мәлімдеді.

Қонақтар мен іс-шараға қатысушылар Орталық Азиядағы жоғары оқу орындары арасындағы ең үлкен кітапхана болып

табылатын әл-Фараби университеттің ғылыми кітапханасы ғимаратында құрылған әл-Фараби мұражайының экспозициясымен танысып, ұлы ойшылдың шығармалары топталған төрт томдықтың бірінші кітабының тұсаукесерін тамашалады. Бұл басылым «әл-Фараби» орталығы мен Халықаралық Абай клубының дайындауымен әл-Фарабидің туғанына 1145 жыл толуына орай ұйымдастырылып отыр. Сонымен қатар форумда ғылым, білім беру, қоғамдық және халықаралық қызметтегі еңбегі үшін отандық және шетелдік ғалымдарға «Әл-Фараби Алтын төсбелгісі» және ғылымның әр

салалары бойынша «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың үздік жас ғалымы» дипломымен марапаттау дәстүрінің негізі қалыптасып, тапсырылды. Алдағы уақытта Фараби оқулары аясында «Жасыл көпір ұрпақтан-ұрпаққа» халықаралық студенттік форумы, «Фараби әлемі» студенттік конференциясы, студенттік бизнес-инкубаторлар инновациялық жобалар байқауы өтеді.

Н.Т. ТОРМАНОВ,
биология және биотехнология факультеті,
биофизика және биомедицина
кафедрасының профессоры

«Дана Жол» қолданбалы экономика орталығының қолдауымен ҚазҰУ-да Мансап және бизнес орталығы «Қазақстанның даму моделі» атты семинар-тренинг ұйымдастырды

ҚАЗҰУ СТУДЕНТТЕРІ ТҮРКІСТАННАН ОЛЖАЛЫ ОРЛАДЫ!

27-28 наурыз аралығында Түркістан қаласындағы Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде дінтану пәнінен кезекті республикалық олимпиада өтті. Аталған додаға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия және саясаттану факультеті, дінтану және мәдениеттану кафедрасы, дінтану мамандығы бойынша 2 команда – «ҚазҰУ дарабоздары» және «Парасат» қатысты.

Бұл мәртебелі жарыста «ҚазҰУ дарабоздары» командасы «Діни фанатизм түсінігі және оның алдын алу жолдары» жобасын қорғаса, ал «Парасат» тобы «Иегова куәгерлері ағымы және оның Қазақстанда таралу көріністері» тақырыбын өз зерттеулеріне арқау етті. ҚазҰУ студенттерінен құралған қатысушы топтарға Дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры Қайрат Затов жетекшілік етіп, рухани астанамызға бастап барды.

Жарыс нәтижесінде «ҚазҰУ дарабоздары» командасы (С. Ташмұханбет, Е. Әскенұлы, А.Әубекеров) II орынды, ал «Парасат» командасы (С. Жаңабай, М. Қонысбекұлы, Н. Газимов) III орынды жеңіп алды. Жекелеген сынақ қорытындысы бойынша дінтану мамандығының 3-курс студенті Е.Әскенұлы

екінші орыннан көрініп, II дәрежелі дипломмен марапатталды. Осылайша, ҚазҰУ VI Республикалық дінтану пән олимпиадасында жалпы командалық есепте II, III орындарды иеленді. ҚазҰУ студенттері ғылыми жобаларының заман талабына сай өзекті болуымен қарсыластарынан ерекшелене білді. Қатысушылар олимпиададан тыс уақытта киелі қаланың рухани орындары Қ.А. Ясауи, Арыстан баб кесенелерімен және көне Отырар қаласымен танысты. Бұл сапардың студенттер үшін ғылыми және рухани-танымдық тұрғыдағы маңызы өте зор болды деп айта аламыз.

Нұрзат МҰҚАН,
дінтану және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы

“Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар”

30 наурызда ҚазҰУ Жастар интернет орталығында механика-математика факультетінің «Ақпараттық жүйелер» және «Информатика» кафедраларының ұйымдастыруымен мектеп оқушылары мен жоғары оқу орындарының техникалық және жаратылыстану мамандықтарында оқитын студенттер арасында информатика пәнінен республикалық пәндік олимпиада болып өтті. Оған еліміздің әрбір қаласынан келген студент жастар мен мектеп оқушылары қатысты.

Олимпиада on-line режимінде өткізілді, қатысушыларға жеке логин мен пароль және жалпы саны 5 есептен тұратын конверттер таратылып берілді. Олимпиадаға қатысушылар кез келген уақытта өз нәтижелерін орталықта орналасқан монитор арқылы бақылап отырды. 4 сағатқа созылған уақыт ішінде олар 3 есеп шығарып үлгерді. Олимпиада қызықты және тартысты өтті. ҚБТУ студенті Т. Мұсаев алғашқы орынға қол жеткізсе, екінші орынды ҚБТУ студенттері Н. Дүйсенәлиев пен П. Утемураев иеленді. Ал үшінші орынды ҚБТУ студенттері М. Одилзода, Е. Дүйсенәлиев және А. Нұрмаш алды.

Жеңімпаз студенттер дипломмен марапатталып, сыйлықтар ұсынылды. Қатысушы жастар мен оқушыларға сертификаттар берілді.

Г.А. МИРЗАХМЕДОВА,
ақпараттық жүйелер кафедрасының оқытушысы

БІЛІМІ МЕН БІЛІГІ МОЛ ЖАС ҰРПАҚ

26-27 наурызда тарих, археология және этнология факультетінің ұйымдастыруымен ҚР ЖОО-лары студенттерінің «Археология және этнология» мамандығы бойынша республикалық пәндік олимпиадасы өтті.

«Археология, этнология және музеология» кафедрасының меңгерушісі тарих ғылымдарының докторы, профессор А.Б. Қалыш олимпиаданың ашылуында: «Бүгінгі қоғам үшін ұлттық құндылықты санасына сіңірген, ұлттық мәдениетімізді меңгерген, білімі мен білігі мол, адамгершіліктің биік тұғырынан көрінетін жас ұрпақ тәрбиелеу керек. Өркениетті елдер қатарына жетудің басты белгісі экономиканың дамуы ғана емес, білімді, сауатты жас ұрпаққа да тікелей байланысты. Ал білімді де, білікті, интеллектуалды жас ұрпақты қалыптастыруда жоғары оқу орындарында дәріс берумен қатар біліммен күш сынасатын осындай республикалық пәндік олимпиадасының өткізілуі орынды», – деді. Олимпиадаға жеті команда, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дан – «Құлажорға», «Жас тұлпар»; Гумилев атындағы ЕҰУ-дың «Алтын адам»; Е.Букетов атындағы ҚарМУ-дың «Искатели»; ҚазмемқызПУ-дан – «Сырғалым», Х. Досмұхамбетов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің «Таскешу», Қазақ ұлттық аграрлық университетінің «Жастұлпар» командалары қатысты.

Қазылар алқасы ақылдаса келе, өз шешімдерін шығарды. ҚазҰУ-дың «Құлажорға» командасы I орынды, Гумилев атындағы ЕҰУ-дың «Алтын адам» командасы мен Е. Букетов атындағы ҚарМУ-дың «Искатели» командасы II орынды иеленді. Ал III орынды – ҚазҰУ-дың «Жас тұлпар», ҚазмемқызПУ-дың «Сырғалым» және Атыраудан келген «Таскешу» командалары өзара бөлісті. Жеңімпаз командаларға университет тарапынан дипломдар табысталды.

Г.Б. ҚОЗҒАМБАЕВА, Ж.М. ТЕРЕКБАЕВА,
археология, этнология және музеология кафедрасының оқытушылары

ЖҮЙРІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ

26-27 наурыз күндері шығыстану факультетінде «шығыстану» мамандығы бойынша республикалық студенттер олимпиадасы болып өтті.

Бұл олимпиада – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі тарапынан еліміздегі шығыстану мамандығын оқып жүрген студенттердің шығыс елдерінің тілін, мәдениетін, тарихын оқып үйрену деңгейін көтеру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың оқуға деген ынталары мен белсенділіктерін арттыру, сонымен қатар Қазақстандағы шығыстану мамандығы оқытылып жатқан оқу орындары арасындағы байланысты нығайта түсу мақсатында ұйымдастырылып, жыл сайын өткізіліп отыратын іс-шара. Аталмыш іс-шараның алдына қойып отырған мақсатына орай олимпиадаға еліміздегі жоғары оқу орындарында маманданып жүрген 2, 3 және 4-курс студенттері қатысып, профессор-оқытушылар құрамы да өзара тәжірибе алмасты. Арнайы шақырылған қонақтар қатарында Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры Әбсаттар қажы Дербісәлі, Египет Араб Республикасы елшілігінің жанындағы Египет мәдени орталығының директоры доктор Әшраф Даруиш болды.

Олимпиаданың қорытындысы бойынша «58020900-Шығыстану» мамандығы студенттері арасында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, шығыстану факультеті арабтану және ирантану кафедрасының 3-курс студенті Әлімажы Фариза 1-орынға, 3-курс студенті Қамидолла Ерболат пен 4-курс студенті Амраев Дильшат 2-орынға ие болып, арнайы дипломдармен марапатталды.

Қ. ҚЫДЫРБАЕВ, Е. ҚАМИДОЛЛА,
шығыстану факультеті, арабтану және ирантану кафедрасы

Жарайсыңдар, экологтар!!!

26-27 наурызда ҚазҰУ-да экологиялық мәселелердің алдын алу және қауіп деңгейін азайту мақсатында «Экология» мамандығы арасында пәнаралық олимпиада өтті.

Болашақ маман иелері арасында экологиялық мәселелердің өзектілігін түсіндірген шарада университетіміздің намысын география және табиғатты пайдалану факультетінің «энергоекология» мамандығының 3-курс студенттері, «Green Campus» жобасының мүшелері: Серікхан Айдарханұлы, Гүлзара Сейтмағанбетова, Киркинбаева жоғары деңгейде қорғап шықты.

Еліміздің 17 жоғары оқу орнынан жиналған командалар арасында топтық есепте «Экоэнергия» тобы 1-орынды иеленді. Сонымен қатар топ мүшесі Гүлзара Сейтмағанбетова жеке есепте үздік деп танылып, 1-дәрежелі, ал Серікхан Айдарханұлы 2-дәрежелі дипломмен марапатталды.

Жайнар КАКИРОВА,
энергоекология кафедрасының 3-курс студенті

СМЕЛЕЕ, ЛУЧШЕ, УМНЕЕ!

27 марта в КазНУ на физико-техническом факультете была проведена традиционная ежегодная Республиканская предметная олимпиада среди студентов 1-3 курсов по секциям «Физика», «Астрономия» и «Ядерная физика» при поддержке МОН РК и самого университета.

Всего в олимпиаде приняли участие 40 студентов из Алматинского университета энергетики и связи, Семипалатинского государственного университета имени Шакарима, Международного казахско-турецкого университета имени Х.А. Ясави, Актобинского регионального государственного университета имени К.Жубанова, Таразского государственного университета имени М.Х. Дулати, Восточно-Казахстанского государственного технического университета имени Д.Серикбаева, КазНУ имени аль-Фараби.

Призовые места были распределены следующим образом: среди студентов 1 курса дипломом за I место был награжден Жүнісбек А.Д. (КазНУ имени аль-Фараби), II места получили Урманов А.Н. и Қараман А. (КазНУ имени аль-Фараби), III место разделили Бейсенов К.М., Байсеитов К.М. (КазНУ имени аль-Фараби) и Бургеулов А. (АУЭС); среди студентов 2 курса I место занял Сарсен С. (АУЭС), II место – Пятков И.Н. (ВКГУ имени Д.Серикбаева), III место – Мустафин Д.А. и Жумабаев И.И. (КазНУ имени аль-Фараби); среди студентов 3 курса I место получил Жумадилов Е.Е. (СГУ имени Шакарима), II место – Молдабекова Ұ.Ә., Сулейманова Ш.С. (КазНУ имени аль-Фараби), III место – Муканов М.С. (СГУ имени Шакарима), Бабушкин Н.Ю. и Нугуманов А.Б. из АРГУ имени К.Жубанова.

А.М. МАКСУТХАНОВА,
ст. преподаватель
кафедры теплофизики и технической физики

ДҮБІРЛІ ДОДА ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ!

Философия және саясаттану факультетінде білімді де талапты жас студенттерді айқындау мақсатында «Мәдениеттану» мамандығының республикалық олимпиадасы өтті. Оған кафедра тәлімгерлерімен қоса С. Торайғыров атындағы ПМУ және ҚазмемқызПУ студенттері қатысты.

Тартысты өткен дүбірлі додадан кейін, сайыс қорытындылары жарияланып, үздік көрсеткіштерге ие болған студенттер марапатталды. «Мәдениеттану» мамандығының 1-курс студенті Райхан Утешова суырылып алға шықты.

Студенттердің алдыңғы қатарлы жұмыстарын талқылай отырып, жарыс көрермендері тың бастамаларға себеп болатын ойлармен тарқасты. Сонымен қатар қонақтарымыз университетіміздің 80 жылдық мерейтойы қарсаңында келуіне байланысты университет музейі мен әл-Фараби музейін, кітапханасын көріп, танысып қайтты.

Кенжегүл БИЯЗДЫҚОВА,
дінтану және мәдениеттану кафедрасының аға куратор-эдвайзері, филос.ғ.к., аға оқытушы

КҮНТІЗБЕЛІК

Басы өткен санда

ТАРИХ БЕТТЕРІНЕ ШОЛУ

2014 ЖЫЛ

22 қаңтар – Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Халықаралық корейтану орталығының директоры т.ғ.д., профессор Г.Н. Ким ұлтаралық бірлік пен өзара түсіністік ісіне қосқан үлесі үшін Қазақстан халқы ассамблеясының «Бірлік» алтын медалімен марапатталды.

4 ақпан – Қазақстанның ірі университеті – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға тұрақты даму бойынша «United Nation Academic Impact» (БҰҰ Академиялық ықпал) жаһандық хабын басқару сенімі тапсырылды. Бұл ресми шешім БҰҰ штаб-пәтерінен келіп түсті. Абыройлы, халықаралық құрылым ҚазҰУ-дың білім мен ғылымның көшбасшысы екенінің дәлелі.

10 ақпан – ҚазҰУ-ға ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрі Әсет Исекешев жұмыс сапарымен келді.

Ақпан – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Қазақстан Республикасы премьер-министрінің орынбасары – индустрия және жаңа технологиялар министрі Әсет Исекешевтің университет басшылығымен және жас ғалымдармен кездесуі болып өтті.

12 ақпан – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ҚР Президенті Н. Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауын қолдау мақсатында «Қазақстан жолы-2050 – менің жолым!» атты жастар форумы өтті.

19 ақпан – «Отандық ғылымның алтын қоры» ұлттық бағдарламасы аясында және «Еуропалық ғылыми-өндірістік консорциум» марапаттау комиссиясы шешімімен LABORE ET SCIENTIA – ТРУДОМ И ЗНАНИЕМ ордені әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЖОО дейінгі білім беру факультеті шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы Ж.Ә. Нұршайықоваға берілді.

Ақпан – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанов Вакаяма университетінің профессоры, University International Formation Mission (UNIFORM) Халықаралық консорциумы жобасының жетекшісі Хироаки Акияма және Болашақтың ғарыштық жүйелер технологиясын зерттеу қауымдастығының бизнес жоспарлау департаментінің кеңесшісі Эрико Ямамотомен кездесті.

28 ақпан – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және Вакаяма университеті (Жапония) UNIFORM бағдарламасы аясында келісімге қол қойды.

3 наурыз – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да БҰҰ ғаламдық хабы ашылды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да БҰҰ «Академиялық ықпал» бағдарламасы бойынша ғаламдық хабының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Іс-шараға Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымындағы тұңғыш тұрақты өкілі, ҚР Сыртқы істер министрлігінің айрықша тапсырмалар бойынша елшісі – А. Арыстанбекова, ҚР-дағы БҰҰ Хатшылығының Қоғамды ақпараттандыру департаментінің өкілі В. Самек, Алматыдағы ҚР шетелдердің дипломаттерінің басшылары арнайы қонақ ретінде қатысты. Бұл салтанатты тұсаукесер рәсімін ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанов ашты. Оған университет ғалымдары, оқытушылары мен студенттері қатысты. Шара еліміздің тарихындағы ең елеулі күндердің бірі – Қазақстан Республикасының БҰҰ-ға мүшелікке қабылданған күніне 22 жыл толуына орайластырылды.

13 наурыз – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Францияның Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Фрэнсис Этьен және «Geo-energy» франко-қазақ зерттеу орталығының директоры Пегги Скремин келді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мұражайы

В КазНУ стартовали I Международные Фарабиевские чтения, которые открыл международный форум «Абу Наср аль-Фараби в диалоге времен»

Жалғасы. Басы 1-бетте

ЖҮРЕКТЕРГЕ СӘУЛЕ НҰРЫН СЕПКЕН КҮН

Жолдауын насихаттап, «Мәңгілік ел деген сөз қазаққа ғана тән сөз секілді» деп ойын нақтылады және аталмыш жоба аясында жүзеге асырылып жатқан «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасының аудиохрестоматиясының алғашқы шығарылымын Ф. Мұтановқа ұсынды. Осы тұста айта кетейік, «Айналаңды нұрландыр!» жобасын дамытуға бағытталған бұл бейресми бағдарламаның басты ерекшелігі – кештің қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде өтуі болды. Осы мақсатты алға тартқан студенттер ҚазҰУ-дың 80 жылдық тарихын ағылшын тілінде баяндап шықты. Ал қоғамды көркемдеуге

шақырған сенат мүшелері би билеп (флешмоб) көрермендерді бір серпілтіп тастады. Өз кезегінде М.Мақатаевтың «Уа, туған жер!», «Үш бақытым» жырлары да оқылып, жобаға қатысты арнаулар айтылды.

ҚазҰУ жастарының бұл жоба аясында айтар ойлары да, қабылдау деңгейі де қаншалықты дәрежеде өз қолдауын тауып жүргендігін филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің белсенді студенті, студенттер клубында «ақындар үйірмесінің жетекшісі», республикалық, облыстық жыр мүшәйраларының жеңімпазы, айтыскер ақын Марғұлан



Баян ЕРМЕКБАЕВА,

экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы:

- «Айналаңды нұрландыр!» жобасы біздің ұжым үшін үшінші жыл сағынып қауышатын жобаға айналды. Менің жеке басым үшін «Айналаңды нұрландыр!» жобасының маңызы зор. Біз «Мәңгілік ел!» боламыз деп жатырмыз. Ал қазақта «адам түзелмей, заман түзелмейді» деген жақсы сөз бар. Заманды түзеу үшін адамды жаңғыртуымыз керек, жаңартуымыз керек. Әр адам, алдымен, өзі таза болуы керек. Осы бағытта аталмыш жобаның орны орасан. «Айналаңды нұрландыр!» жобасы адам жанын тазартады, жүрегіне сәуле шашады. Қарапайым мысал қарастыратын болсақ, шамға сәуле, жарық қайдан келеді, ол үшін тоқ жанып тұруы керек. Бұдан шығар ой қандай адам болмасын ішкі дүниесі жарық болмайынша, айналаны нұрландыра алмайды. Сол үшін де қоғамды сәулелендіру үшін жастар жалындап тұруы қажет. Ішкі дүниесі жарық адам айналасына да нұр себеді. Міне, жобаның үлкен маңызы осында жатыр. Ғалым Мұтановтың «Қарыз бен парыз» деген өлеңі бар. Біз көбіне қарыздан қорқамыз. Қарызым өтелмей қалды деп алаңдаймыз, жоқ сіз ана дүниеге аттансаңыз сіздің бала-шағаңыз, ұрпақтарыңыз қарызыңызды өтей алады екен. Ал парызыңызды тек сіз ғана, өзіңіз ғана өтей алады екенсіз. Сол үшін бұл өлеңде қарыздан бұрын парызды ойлауды айтады. Мысалға Отан алдындағы парызды өтеу, Ана алдындағы, Әке алдындағы, Ұрпақ алдындағы, Ұстаз алдындағы парызды өтеу өте үлкен мәнге ие. Әр адам өз парызын түсінсе, айналасына нұр себетіні сөзсіз. Мәселен біздің, ұстаздардың парызы – ұрпақ тәрбиелеу. Бұл жоба адамдық парызды ұғынуға тәрбиелейді. Ғалым Мұтановтың «Жақсы адам» деген өлеңіне де осы жоба аясында ерекше тоқтала кеткім келеді. Жақсы адам болу үшін тіпті ешнәрсе жасамасаң да ешқашан ешкімге жамандық жасама дейді. Тіпті, өзіңе жамандық жасаған адамның өзіне жамандық жасамай тек жүрсең, жақсы адамсың. Мен өзім осы жоба аясында жарық көрген Ғалым Мұтановтың «Айналаңды нұрландыр!» жинағын үнемі оқып жүремін. Сонда тағы бір мысал келтіретін болсам, «Өмірде бәрі теңбе-тең, жақсылық пен жамандық» деген жолдар ұрпаққа жақсылықты үйрету парызымыз екендігіне үндейді. Міне, бұл жобаның халықтық, адами мәні бар. Әрдайым әр ұстаз осы мақсатта жұмыс істесе, күнделікті студенттің санасына сіңірсе, ұстаздық, адамдық парызымыз алдындағы үлкен жауапкершілікті ұғындырады. Университеттегі мың ұстаз күніне мың студенттің жүрегіне нұр сәулесін сеуіп отырса, күн сайын қаншама мыңдаған студенттеріміз айналасына нұр шуағын шашары сөзсіз. Осы жобаны жүзеге асырып отырған басшылыққа алғысым шексіз.



Ақан аңғартып, жастарды жігерлендіріп, арман-тілектеріне қанат бітірердей жалынды сөздер айтып, жыр жолдарын оқыды. Аталмыш кеште қонақта болған факультет декандары мен оқытушылар құрамы және жастар ұйымы комитеті мен ҚазҰУ-дың белсенді жастары «Айналаңды

нұрландыр!» жобасын барынша қолдайтындарын білдірді. «Айналаңды нұрландыр!» жобасы – бұл қоғамды дамытушы ғана емес, жанымызды тазартып, айналаны нұрландыратын бірден-бір бағдарлама екені даусыз!

Дина МҰРАТҚЫЗЫ



Мен биология және биотехнология факультетінің 4-курс студентімін. 2 ай көлемінде уақыттан соң қара шаңырақтың түлегі атанғалы отырмын. Университет қабырғасында мамандықтың қыр-сырын жетік меңгерумен қатар, «Айналаңды нұрландыр!» жобасы аясында рухани сусындап, жақсылық пен адамгершілік, ізгілік пен қайырымдылық, рахымшылық пен кішіпейілділік қасиеттерің бойыма сіңіріп өстім. Жастарға Мағжандай сенім артып отырған ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтановтың бастамасымен жүзеге асқан «Айналаңды нұрландыр!» жобасы бүгінде қазулық жастардың ұранына айналып отыр. Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары қатарында жүріп, «Айналаңды нұрландыр!» жобасының жүзеге асуына септігімді тигізіп жүргенімді мақтан тұтамын. Бұл жоба, алдымен, қоғамды Абай айтқандай, толық адам болуға бастайтыны сөзсіз.

Сандуғаш САҢДЫБАЕВА

АЙНАЛАҢДЫ НҰРЛАНДЫР!

Болса шіркін, жүрген жерің жайнаған,
Сұлулықты сүймейді екен қай балаң?!
Сен де еңбекпен талаптанып үлес қос
Ылғи нұрлы болсын десең айналаң!

Сұңқар қиял қия-шыңға өрлетті,
Біз ұланбыз, жырға қосқан жер-көкті
Келешектің жасаушысы болған соң,
Еш аянбай етейікші еңбекті.

Көкірегі толған өлең, тұңған жыр
Еңбек жолда ару да алғыр, ұл да алғыр,
Жастыңда өз қолыңнан келгенше
Қадам сайын АЙНАЛАҢДЫ НҰРЛАНДЫР!!!

Ақжол ДҮЙСЕНБАЙ

ТАБИҒАТ ТІЛІ ҚАЗАҚТЫҢ БОЛМЫС АҢҒАРЫ

Қазақтың, шіркін, табаны жерді
баспайды,
Көрпе ғып гүлді, жастық қып бұлтты
жастайды.
Табиғат сынды анасын нағыз қорғаушы,
Қазақтың елі күнә деп аққу атпайды.

Қазақтың, шіркін, әндері қандай
сырнайлы,
Аққудай таза лас жерде әркез тұрмайды.
Табиғат сынды анасын нағыз қорғаушы,
Қазақтың елі күнә деп көк шөп
жұлмайды.

Шаңырақ – аспан, кереге тұтар төскейді,
Балықты, аңды, жемісті жайпап жеспейді.
Тұқымы құрып кетпесін деп ырымдап,
Жалғыз бір тұрған ағашты қазақ кеспейді.

Ағар деп өзен құралып әрбір бұлақтан,
Бұлақтың көзін суалтпай аршып тулатқан.
Ұмытпа соны, су шексіз деп ел жүргенде,
Судың бар сұрауы деп біз айтқан.

Обалды көрсе, жүрегі жылап сыздайды,
Құмырсқа екеш құмырсқаны да
мыжбайды.

Ұшар деп ақ үрпек балапандарын,
Іргеге салған ұясын құстың бұзбайды.

Көк шыбық көкті көктемде қиып
ормайды,
Қабығын аршып ағаштың діңін оймайды.
Енесін ембей толмас деп төлдің мәйегі,
Төлі бар малды төлінен бөліп соймайды.

Еліктің лағын, атпаған буаз құланды,
Жап-жасыл арша, кеспеген зәулім
шынарды.
Адасып кірсе оны да аяп өлтірмей,
Ақ құйып үйден шығарған улы жыланды.

Өлтіріп емес, түлетіп алған үкіні,
Табиғат заңы қазақтың әрбір үкімі.
Құндыз бен сусар малына кисе, киер ед,
Жаны бір жайсаң өмірі өтті жұпыны.

Бүгінгі ұрпақ ұстанар баба заңдары,
Бұлбұлдың үні оятар таңдары.
Қазақтың салты табиғат тілі іспетті,
Табиғат тілі – қазақтың болмыс аңғары!

Марғұлан АҚАН

ОСВЕТИ СВОЙ МИР

Жизнь коротка, годы летят очень быстро
Как песчинки сквозь пальцы в жаркий день.
Но большинство людей еще не понимают
Как жизнь прожить с умом, отбросив лень.

Мы здесь не для того, чтоб просто жить
А для того, чтоб помочь миру ярче быть.

Помни: мы одна семья, братья,
Все мы связаны незримыми узлами.
И ты не остров замкнутый в себе
Ты – часть целого, созданного небесами.

Но видим мир по разному - не как он есть
А таким, каковы мы сами.

Как постичь истинный смысл жизни,
Раскрыть яркие таланты и найти себя?
Ответ простой: будь мудрым и смелым
Стань источником света, теплом даря.
Будь как солнце, освети свой мир!
И к тебе навстречу потянутся, любя.

Данагул СУЛТАНОВА

Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті «TARZHIMAN CLUB» жас
аудармашылар клубында Самал Бердібекқызы Соқпақбаевамен кездесу өтті

Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ,
журналистика факультетінің деканы:



«Айналаңды нұрландыр!» жобасы Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Жолдауында айқындалған «Мәңгілік ел» идеясынан арқау алады. Елбасымыз айтқандай: «Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – «Мәңгілік ел» идеясы». Мәңгілік ел идеясы бізді – Қазақ елі ұлы ұғымына жетелейді.

Жалпы осы бір қос әріптен тұратын ықшам сөз кімнің де болса жанына жақын, жүрегіне жылы тиеді. Онда туған жер, Отан ұғымдарын ұйыстырып тұрған таным бар. Ел дегенде бірден өскен ел, ата жұрт, кең байтақ Отан көз алдыңа келе қалады. Ардақты алаш қайраткерлері бір кезде халқына үнемі осы сөзбен қайырылған екен. «Елге бардық, елмен кеңестік, ел не дейді, біз елмен біргеміз» деген тіркестердің олардың сөз қолданыстарында жиі кездесуі тегіннен-тегін болмаса керек. Ендеше Мәңгілік ел – ұлттық идеяның берік тұтқасы.

Ал енді өткенді өлшеп, бүгінді екшеп, келешекке көз жіберіп, қазақ елін-мәңгілік елге қалай айналдырамыз дегенде оған қосар қазақстандық әрбір азаматтың, әр адамның өзіндік үлесі болуы керек. Сонда біз қосар үлес қандай болмақ дегенде, оның мәні осы – «Айналаңды нұрландыр!» жобасында жатыр. Ректор Ғалым Мұтанұлы бұл жобаны жайдан-жай ұсынған жоқ. Міне, екі жылдың жүзі болды «Айналаңды нұрландыр!» ұжымдық, адамдық қарым-қатынасымызға тың серпін, ғылыми ізденіске,

Сұлтан ТӨЛЕУХАНОВ,
биофизика және биомедицина кафедрасының меңгерушісі:



4 сәуірде ҚазҰУ-да осымен үшінші рет өткен өткен «Айналаңды нұрландыр!» жобасына бастамашы болып жүрген университет ректоры академик Ғалым Мұтанұлы осы жұмыстың бағдарламасына, мақсаты мен маңызына аса мән беріп, 90 гектар жерді алып жатқан ҚазҰУ қалашығының тазалығын сақтай отырып, оның сәнді-салтанатының өркендеуінде, тұрғындарының денсаулығында басты кепілі жасыл өсімдіктер екендігін баса айтты. Алматы мегаполисінің бір бөлігін гүлдендіру, ауасын оттегімен қамтамасыз ете отырып, оның құрамындағы улы заттардан тазалауда басты факторлардың бірі «Айналаңды нұрландыр!» жобасына бір адамдай ат салысуға шақырды.

Осыған орай, менің мамандығым биолог болғандықтан әрі осы университетті бітіріп, төл білім ордамда 40 жылдан аса уақыт еңбек етіп отырғандықтан қалашығымыздың тазалығына ерекше назар аударамын. Қалашығымыздың тазалығы, гүлденуі, халықтың денсаулығы өзімізге байланысты екендігін ғылыми-биологиялық тұрғыдан жастарға, студенттерге, әріптестеріме айтқанды жөн көрдім.

Адам баласының тіршілігі өркендеп дамуы өзін қоршаған ортамен тығыз байланысты. Өз кезеңінде экологиялық ортаның факторлары да жер бетіндегі тірі ағзаларға, оның ішіндегі адам баласына да әсерін тигізіп, өзара тығыз байланыста болуы – биологияның басты заңдылығы.

Жер бетіндегі барлық тірі ағзалардың өмір сүруіне ең қажетісі – оттегі. Ал оттегі атмосфера құрамына қайдан келді деген сұраққа жауап – ол жасыл өсімдіктерден келеді. Егер атмосферада оттегі болмаса немесе жетіспесе жер бетіндегі қазіргі тіршілік етуші ағзалар, қоректік заттың жетіспеуінен жойылып кетуі мүмкін. Өсімдіктер атмосферадағы көмірқышқыл газын сіңірмесе де оттегі түзілмейді. Осы құбылысты биологияда фотосинтез, яғни күн сәулесінің әсерінен жасыл жапырақта органикалық

білімге құштарлыққа шабытты қуат сыйлады.

Адамгершілікке, адамдыққа шақыратын «Адам – адамға дос» қағидасын алға тартатын мұндай жоба өміршең деп білемін. Оның ұстаз бен шәкірт, үлкен мен кіші арасындағы, тіпті, әрбір адамның бір-бірімен қатынасының адамгершілік сипатын айқындайтын тәрбиелік-тәлімдік шипасы зор. Жоба адам құндылығының бағасын арттырады. Ғалым Мұтанұлының өзінің ой толғанысының сығындысы іспетті өлеңдеріндегі мына жолдар: «Адамзатты жаратқан махаббатпен, Біліп оны, шығармай әркез естен, Жолыңды ғұмырлық жүріп өтсең, Жақсы іс, таза көңіл, ақ ниетпен!» – «Айналаңды нұрландыр!» жобасының бағдаршамы іспетті.

Біз бір-бірімізді бағалай, бір-бірімізді құрметтей білуге, жақсыдан үйренуге, жаманнан жиренуге әдеттенуіміз керек. Жаңа заманның легімен ұлттық болмысымызға жат, дәстүрлі тәрбиелік құндылықтарымызға сай емес ғадеттер жастар арасында орын алуда. Оларды көре тұра көрмеуге, біле тұра білмеуге болмайды. Ерсілікті еске салып отырсақ, ұрпақ ұлттық тағылымның құдіретіне бой ұсынады. Бүгінде осы бір алдыңғы толқын мен кейінгі толқын байланысының алтын арқауы сәл босаңсып қалған секілді. Бізге осыны ширату керек. Ұлы Абай жастарға қайырылғанда: «Сөзіне қарай кісіні ал, Кісіге қарап сөз алма. Шын сөзі қайсы біле алмай, Әр нәрседен құр қалма. Мұны жазған білген құл, Ғұламаһи Дауани. Солай депті ол шыншыл. Сөзін оқы және ойла, Тез үйреніп, тез жойма. Жас уақытта көңіл – гүл», – демеп пе еді өзінің «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңінде. Міне, «Айналаңды нұрландырдың» ұстанымы осында жатыр.

Біздер өзара, шығармашылық, ғылыми ізденістік қарым-қатынастарымызда бір-бірімізге деген сезім шуағын, көңіл шаттығын, жүрек жылуын аямауымыз керек. Сонда ғана айналамыз нұрланады. Сонда ғана ҚазҰУ көгінде нұр ойнаған қайырымды қалашыққа айналады. Кезінде Сұлтанмахмұт Торайғыров «Мен балаң жарық күнде сәуле қуған» деп тегін айтпаған. Әрбір жарық күннен нұрлы әлемнің болмысын іздейік. Бізге Шәкәрім айтқан: «Сабыр, сақтық, ой, талап, ынсап, рахым, ар, ұят» серік болып, қайырымды қалашықтың ізгілікті тұрғындарына айналайық!

заттарды түзіп, оттегіні бөліп шығару арқылы ауаны оттегімен қанықтыру деп атайды. Сөзім дәлелді болу үшін мынадай мысал келтірейін. Бір тал ағаш жыл бойы СО2 сіңіру арқылы 1м2 жерде шамамен 1,4 кг органикалық зат түзеді. Тропикалық ормандарда ол екі есе көп. Жыл бойы өсімдіктер 139х109 тонна органикалық зат түзеді.

Ғалымдар жасыл өсімдіктердің экологиялық ортаға пайдасы жайлы мынадай мәліметтер келтіреді: мысалы, 1 гектардағы шыршалы ағаштар 32 тонна, ал шамшат ағаштары 68 тонна шаң-тозаңды өзіне сіңіріп отырады. Қайың, емен, терек ағаштары да ауаны тазартуда басты рөл атқарады. Сонымен қатар 150 млрд тонна бос оттегіні бөліп шығарады. Осы фактілерге сүйене отырып, ғалымдар жер бетіндегі өсімдіктер ғарышпен байланысты болатындығын дәлелдеді. Нақтырақ айтар болсақ, қоршаған орта факторлары негэнтропияның құрамдық сапасын қалыптастырады, басқаша айтсақ, ағзадағы теріс энтропия барлық уақытта қоршаған ортадан келіп түседі.

Осы негэнтропияның нәтижесінде біз өмір сүреміз, өмірге ризашылық білдіреміз, еңбек етеміз, онсыз өмірдің қызығы жоқ. Ал өмірдің сапалы болуы көптеген жағдайларға тәуелді. Табиғаттың абиотикалық факторлары әлеуметтік қоғамдағы тыныштыққа, ауызбіршілікке, табиғат ресурстарына оның ішінде әсем қалаларға, ормандарға, мәдени ландшафтарға, таза ауа, суға, т.б. әсерін тигізеді.

Сондықтан да осы жобаның басты мәні қоршаған ортамызды, мекенімізді қорғауға арналған деп айтуымызға болады.

Қазіргі заманда адам баласы мәдени ландшафты, мәдени өсімдіктердің эволюциялық дамуына тура жол ашып отыр немесе Н.И. Вавиловтың айтуы бойынша, «Эволюцияны басқарушы» деген мағынаға айналдырды. Ал екінші жағынан, адамзат эволюцияның ең қуатты көзі бола отырып, жыл сайын табиғатқа кері әсерін тигізіп отыр.


Егер биофизиканы термодинамика тұрғысынан түсіндірер болсақ тіршілік дегеніміз – тәртіп пен (бос энергия, негэнтропия) бейберекеттік (байланыстағы энергия, энтропия) арасындағы тартыс. Сондықтан да әрбір адам баласының бақытты өмір сүруіне ең басты керегі тәртіптіліктің үстем болуы. Мінекей, ректордың қолға алуымен бастау алған «Айналаңды нұрландыр!» жобасы біздің жауапкершілігімізді арттырып, табиғатты, мекен-жайымыздың тазалығын сақтап, негэнтропияның бағасын жақсартады.

Құрметті әріптестер, шәкірттер барлығымызды да осы бағдарламаны қолдауға, өзіміздің қалашығымызды нұрландырып барлық уақытта таза ұстауға шақырамын.

“Галстуксыз кездесу”

Тағы бір аптаның күйбең тірлігін артқа тастаған қазулықтар асыға күткен жұманың кешінде тамаша “галстуксыз кездесудің” куәсі болды. Ол, әрине, ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтановпен “Айналаңды нұрландыр!” жобасын насихаттау және жүзеге асыру бойынша жаратылыстану бағытындағы факультеттерге ағылшын тілі пәнінен білім беретін ардақты ұстаздарымыздың ұйымдастыруымен жыл сайын өтіп келе жатқан кезекті бейресми отырыс еді. Бұл басқосуды “галстуксыз кездесу” деп атап, алғаш ақтарыла сөйлегендердің бірі, әрине, Ғалым Мұтановтың өзі болды. Өзін студенттермен қатар санап, оларға өз шығармашылығынан өмірлік тәжірибесімен өрнектелген өлеңдерін оқып берді, ағалық ақылын айтты. Осы жыл сайын ұйымдастырылатын бейресми кездесу студенттер мен университет басшылығы арасын жалғайтын көпір іспетті. Көрермен ретінде “Айналаңды нұрландыр!” жобасының келешегі кең, болашағы зор екеніне тағы бір рет куә болдым.

Айдана ТАСТАНОВА,
физика-техникалық факультетінің 3-курс студенті



В КазНУ состоялся визит Специального представителя Генерального Секретаря ООН, главы регионального центра по превентивной дипломатии для Центральной Азии Мирослава Енча



ТҰМАНБАЙ МОЛДАҒАЛИЕВ - ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫНЫҢ КОРОЛЫ

Қазіргі қазақ лирикасының ірі өкілі, Қазақстанның халық жазушысы Тұманбай Молдағалиев сынды ірі талант туралы сөз сөйлеу жауапкершілігі өте ауыр іс.

Табиғат лирикасына ақынның берілгендігі соншалық, оның қай өлеңінен болсын туған елдің ісі аңқып тұрады. Ақын көңілі шынайы сезімге, тазалыққа іңкәр. Ақынның адамгершілікті, адамды сүюді, сол арқылы өмірге құштарлығын ағынан жарыла, нәзік жырлауы, бойындағы сағыныш сезімінің билеуі – еріксіз әуелете шырқалатын сырлы әуендердің сыры кетпейтін өлең жолдарының күдіреттілігінен болса керек.

«Бұл Тұманбай – таңғажайып ақындығымен қоса таңғажайып адам. Ол адамды сүю үшін, оған сену үшін туған», – деп суреттейді ақын Ә. Тәжібаев.

Қазақ әдебиетінің классигі атанған Т. Молдағалиев қазақ әншілерінің орындауындағы әндердің басым көпшілігіне сөз жазған. Қазақ музыкасының дүлдүлдері Ш. Қалдаяқов, Н. Тілендиев, Ә. Бейсеуов сияқты сазгерлермен тығыз байланыста болып, талай әндердің дүниеге келуіне ықпал етті.

Күндердің күнінде «Жазушы» баспасының поэзия редакциясында қызмет ететін ақынға Ш. Қалдаяқов арнайы келіп: «Өзінді тосып жүрмін. Дүниеге бір ән келді. Оның сөздерін тек қана сен жазуың керек. Бұл ән би алаңында айтылатын ән болады», – деп айтады. Ақын бірден қолына қалам алып, өлең жазуға кіріседі. Дайын мәтінді сазгерге көрсеткенде ол: «Басқа біреуге беріп қоясың» деп сөз жазылған қағазды дереу қалтасына салып алып кетеді! Бірер күн өткен соң «Бақыт құшағында» әні дүниеге келеді.

Бірде ақын Н. Тілендиевтің қалын

сұрап, үйіне барады. Сазгердің ауырып отырғанын көрген ақын: «Қай жерің ауырады?» – деп сұрап, «Жүрегім» деген жауап алады. Сол сәтте ақын:

Қайран менің жүрегім, жас жүрегім,
Көктем едің бір кезде, тасқын едің.
Жастық дәурен, жалтақтап
қарайлайсың,
Сені ойласам, ұйқым да қашты менің,

– деп өлең жазып кетеді. «Қайран менің жүрегім» әні осы кездесуде дүниеге келген екен.

«Құстар қайтып барады» әнінің де сөзін Т. Молдағалиев жазған. Бірде ақынға Н.Тілендиев «Сенің өлеңдеріңе алда талай ән жазамын. Бірақ та дәл осындай ән қайта шықпайды. Мені ақтық сапарға осы әнді айтып, шығарып салыңдар», – деп аманат етіпті.

Тұманбай ақын Ш. Қалдаяқовтың «Бақыт құшағында», «Әнім сен едің», Н.Тілендиевтің «Қайран менің жүрегім», «Қуә бол», «Құстар қайтып барады», Ә. Бейсеуовтің «Шақырады көктем», С. Бәйтерекөвтің «Жан досым», Б. Жамақбаевтың «Ертіс вальсі», Қ.Шілдебаевтың «Отан-Ана», т.б. әндердің сөзін жазған. Жүрекке жылы тиіп, көңілден шығатын бұл әуендердің өміршеңдігі Тұманбай ақынның қаламынан туған өлең мәтіндерінің терең сыршылдығында, ақылы мен сезімінің тамаша үндесуінде болса керек. Т. Молдағалиев – нағыз ақын: ол өлең жолдарын жүрегі мен жанын толқыта отырып, терең сезім мен түйсік түкпірінен тудыратын шынайы лирик ақын. Болмы-



сынан мейірімді, ешкімнің көңілін қалдырғысы келмейтін ақын алдына келген сазгер іні-қарындастарының өтінішін ешқашан тастамапты. Оның өлеңдерінен талай жас сазгерлер шабыт тауып, жаңа әндерді дүниеге әкелуде.

Алайда Т. Молдағалиев қазақ әдебиетінде, ең алдымен, лирик ақын ретінде есте қалады. Қазақ ақындары да, әдебиеттанушы ғалымдары оны ең әуелі лирик ақын ретінде мойындайды. Бүкіл ғұмырын өлең жазумен өткізген ақынның еселі еңбектері ел жадында мәңгілік сақталып, келешекте талай-талай әндер дүниеге келетіні сөзсіз.

С.Б. БЕКТЕМІРОВА,
жалпы тіл білімі және шетел
филологиясы
кафедрасының доценті, филол.ғ.к.

Оның сезімі өмірдің өзіндей шынайы болса, мұңы да аяулы еді. Қарапайым еді. Ақ таңдағы аппақ гүлдер мен таңғы шықтың тамып тұскен аңсары Тұманбай ақынның жүрегінен өтіп, қаламына ілікті. Аспанды әрқилы етіп әдіптеген алтын түстес жұлдыздар шоғырының нұры, алдымен, ақынның жанарында тұрды, тұн жарымынан асып күллі тіршілік қалың ұйқыға кеткенде өлең ғана көз ілмейтін. Ол болашақпен мәңгі жасайтын ақынның өлеңі еді.

Алтын арқауы – поэзия болған, тұғыры – туған жері, өмірлік рухы – Ерлік, Елдік, Тәуелсіздік болған ақынның әлемі, жыры, сыры, болмысы әр оқырманының жүрегіне мәңгі сақталмақ.

Сәния ДАУТАЛИЕВА,
филология, әдебиеттану және әлем
тілдері факультетінің
4-курс студенті

ЕЙ, АҚЫНДЫҚ, СЕН МЕНІ БИІКТЕТІП

Ей, ақындық, сен
мені биіктетіп,
Ағайынға
көрсеттің сүйікті етіп
Діттеген
жерімнен де кетем әрмен,
Күтпеген бір
жаңа жыр туып кетіп.
Ей, ақындық, сен
мені аласартпа,
Пәле-жала
дегеннен және сақта.
Күн көреміз
әйтеуір аруларды,
Бақытына
жанымның баласақ та.
Ей, ақындық,
қаратпа төмен мені,
Халықтыкі боп
кеткен көп еңбегі.
Қарияны ұқсатқыз дарияға
Кемімеген еш
жерде беделдері.
Ей, ақындық,
салмақ салма сен менің жүрегіме,
Бауырым деп
қарайын бұл өмірге.
Арасымен алып өт
жұлдыздардың,
Бас игізбей мықтының біреуіне.

БАҚЫТТЫ БОЛ, ҚАЗАҒЫМ

Бақытты бол,
қазағым,
қайда жүрме,
Бара алмадық көбінде тойға бірге
Үлестіріп
әркімге беретіндей,
Біздің туған
өлкеміз бай ма гүлге?!
Біз бітпейміз,
жат бізге ондай ұғым,
Табыстадық
тарихқа таңдай ұлын.
Келін түскен кең
үйге кең жүрекпен
Жарасады жасасақ
қандай ырым.
Мен елімнің ұнатам ер мінезін,
Көпке қызмет
жасаймын жалғыз өзім.
Келін түскен
үйлерден әсем үйді
Көрген емес
туғалы менің көзім.
Әсем әндер
жаңбыр боп төгіледі,
Бақыты көп не
деген өмір еді
Қыз ұзатып жатқан үй қызығымның
Басы болып
әрқашан көрінеді
Оянасың,
ойшылым, күнмен бірге,
Көбелек боп ұшасың гүлден гүлге
Қуанышың көп
болсын сенің, қазақ,
Аз көрмедің
қайғыны бұл өмірде.
Туған жерді
көреміз жанымыздай
Ән бір арман,
айтамыз оны бұзбай
Әрқашан да
бақытты болғын, қазақ,
Жиырмадағы
жігіттей, ару қыздай.

Т. МОЛДАҒАЛИЕВ

ЖАСТЫҚТЫҢ ЖЫРШЫСЫ

Ол алтын қанатты көбелектер мен үні көкке көшетін бұлбұлдарға тәнті еді, көктем келсе құлпырып сала беретін қырдағы қызғалдақтар мен тынысын інжу сүйген толқындарға құмар-тын. Шиедей боп көрінген еріндер мен жылы шуақ төгілген жанарлардың күдіретіне басын иді, соларды өмір бойы жырға қосты. Сонау «Қызықсың ғой, студенттік кездер-ай, сыншылсың ғой, мөлдір қара көздер-

ай!» деп жырлаған студенттік шағынан бастап, қазақ лирикасының корифейіне айналғанға дейін Тұманбай ақын өзінің адамдарға деген адал махаббатынан айныған жоқ. Ақын адамдарға деген шексіз махаббатын жыр тілімен өрнектеу үшін өмірге келгендей еді. Ол қар астынан да жапырақтың күбірлегенін ақын жүрегімен сезді, көктемді күтіп алу салтанатына ерекше дайындалды.

АБАЙ - ДАНА, АБАЙ - ДАРА ҚАЗАҚТА!

Халықаралық қатынастар факультеті дипломатиялық аударма кафедрасы, ағылшын тілі клубы мен эдвайзер Р. Рахмбаеваның ұйымдастыруымен факультеттің оқу залында ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап жобасы аясында “Абай өлеңдері” кеші өтті.

Абайға арналған кеште факультет студенттері мен ағылшын клубының мүшелері ақынның тұңғыш та терең жыр маржандарын сахна төрінде төгілті. Осы әдемі жыр кешінде студенттер «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай» атты әндерін шырқады. Кеш соңында белсенді қатысқан студенттер мақтау қағаздарымен марапатталды.

Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы ақыны, қоғам қайраткері, қазақ халқының жазба әдебиетінің негізін қалаушы, ислам әлеміне орыс және еуропа елдерінің мәдени рухын жақындатып біріктіруші. Абай мұрасы қазақтың мәдениеті мен әдебиетін дамытуда негіз болды.

Поэзия кеші көпшілікті жырдың шуағына жылытып, әндермен бойларына қуат дарытып, әсерлі сезімдерімен жандарына нұр сыйлады.

М. ЖАМБЫЛҚЫЗЫ,
дипломатиялық аударма кафедрасының аға оқытушысы,
ағылшын тілі клубының жетекшісі

ДӘУІРДІҢ ҰЛЫ, ҒАСЫРДЫҢ ҮНІ!

27 наурыз күні әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың география және табиғатты пайдалану факультетінің энергоэкология кафедрасының ұйымдастыруымен «100 кітап» жобасы аясында жазушы, әдебиет зерттеушісі, ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан ҰҒА академигі, Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақстан және Қырғызстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері – Зейнолла Қабдоловты еске алу кеші өтті.

Ғалымның жұбайы Сәуле Төлеуқызы Қабдолова және Зейнолла ағадан тәлім алған шәкірт, осы университеттің журналистика факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор Өмірхан Әбдиманұлы еске алу кешінің қадірлі қонақтары болды.

Кеш барысында «Әл-Фараби» кітапханасы ұжымымен бірлесе отырып, жазушының кітаптарының көрмесі ұйымдастырылып, оның еңбектері жайлы сыр шертілді. Толқи сөйлеген Сәуле апайымыздың өз аузынан халыққа қадірлі,

ер тұлғалы Зейнолла ағамыздың оқып білгенімізден басқа көптеген адами биік қасиеттерін тамсана тыңдадық. «Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» мамандығының студенттері дайындаған «Академик Зейнолла Қабдолов» атты бейне түсірілім және «Сөнбейтін от» пьесасы мен «Жалын» романынан студенттердің қатысуымен қойылған сахналандырылған көріністер тамашаланды.

Бұл кештің өскелең ұрпаққа берері көп болды. Тындырман қауым Зейнолла Қабдолов жайлы айтылған ой-естеліктерді ойлана тыңдап, ағамыздың кешегі өткен өмірі мен жасаған еңбектерінің салмағын және «қазағымның әдебиеті» деп соққан жүрегің дәл сезінгендей болды. Кезінде Зейнолла ағамыз «Ғабит Мүсіреповті мақтамау керек, онымен мақтану керек» деген екен. Ал біз еріксіз Зейнолла ағамызбен мақтандық.

Г.У. МЫҢЖАСАРОВА,
т.ғ.к. оқытушы

Бетті жүргізген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кітапханасының кітапханашысы Шынар МҰҚАШЕВА

15 сәуірде филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінде
“Ел өртеңі - жас ұлан” атты студенттер айтысы өтті

№5 студенттер үйінің құрылғанына – 40 жыл

ҚазҰУ еліміздегі ең іргелі оқу орны, ал оның қалашығы туралы әңгіме шертіп, толғану келесі бір үлкен әңгіменің шеті ғана. Сондай ғажап қалашықта өмір сүріп келе жатқаныма үш жылдан асып барады. Журналистика факультетінің баспа ісі және дизайн кафедрасы өткізген «Болашақ баспагер-редактор» байқауының жеңімпазы ретінде осы алтын ұяға оқуға түскен күннен бастап, осы факультетке қарасты №5 студенттер үйіне орналасқан едім. Сол бір сәттер... Әлі күнге естен кетпейді. Балалық ауылдан алыстай қоймаған мен де, достарым да алғашқы күні студенттер үйінде қонуды барынша жатсынған едік. Аңсарымыз ауылға ауып, балалық күндерден алыстағамыз келмеген де болар?! Бәлкім, үлкен қалаға деген қыр баласының қырсық мінезі ме екен?! Десек те, қазір осы бір сезім басқаша күй шертіп тұрғаны...

Өмірдің өзі қызық деседі. Қызығы сол болар, сол студенттер үйін қазір ауылға демалыс кезінде кете қалсақ болғаны, қайта сол мекенімізге оралуға асығатын болыппыз. Үш жылдың ішінде осыншама бауыр басып қаламыз деп кім ойлаған?! Иә, бұл бір жағынан мұндағы жаны жайсаң жандардың жақсы қасиеттерінен де болар. Осы орайда бесінші студенттер үйінде 10 жылдан астам уақыттан бері қызмет жасап келе жатқан меңгеруші Гүлшат Исалмханқызының еңбегін атап өтуге тиіспін. Әрбір студенттің психологиясынан өмірге деген әрбір қадамын анықтап, бағамдап отыратын білгір маманның біліктілігі мен студенттер үйіне деген жан беріп жасайтын жасампаз ісіне куәміз.

1974 жылы құрылған №5 студенттер үйі биыл ҚазҰУ-дың 80 жылдығында 40 жылдық мерейтойын өткізіп отыр. Жаңарған, жасарған, бар табиғат құлпырған наурыз айында құрылған жатақхананың мерейлі тойын, көктемнің алғашқы шуақты күні

«Наурыз мейрамымен» ұштастыра өткізді. Мерейлі мерейтойға жатақхананың алғашқы тұрғындары да келді. Факультет тарапынан да ұстаздар қатысып, мерейтойда сөз алды. ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің 1976 жылғы түлегі Құдиярбек Ағыбаев: «Біздің кезімізде ҚазҰУ-дың оқу ғимараты, қазіргі Жүргенов атындағы өнер академиясы тұрған ғимаратта болатын. Біз сол ғимаратта бітірдік. Сол жылы ең алғаш ҚазҰУ қалашығы салынып, қазіргі 5-ші жатақхананы пайдалануға берген еді. Біз бесінші курста оқып жүрген кезде осы бесінші жатақханада тұрдық. Қасымызда филология факультетінің студенттері тұрды. Ең алғаш кезде инфрақұрылымы жоқ болды. Тамақ ішетін орындар, дүкендер деген атымен жоқ болатын. Сол себепті біз орталыққа жиі қатынайтынбыз. Тіпті қатынас жүйелері де болмады. Бірақ біз сол кезде бесінші жатақханадан ректорат ғимараты салынып жатқан жерге дейін қалың алма бағын басып өтетінбіз. Көктемде бұл жер көк кілем болатын. Алма бағы қалың гүлдеген



кезде, арасында студенттер ән салып, би билеп, шетінен өнерлерін паш ететін. Біз сол жерден қатынап, арман қуып білім алған едік. Сол жетпіс алтыншы жылғы түлектердің ішінде «Егемен Қазақстан» газетінің отымен кіріп, күлімен шыққан ардагер-журналисті Ержұман Смайыл, ҚР Президентінің алғашқы баспасөз хатшысы болған, талай құзырлы қызметтерді атқарған Ербол Шаймерденұлы, «Алаш» сыйлығының лауреаты, көрнекті қаламгер Қуаныш Жиенбаев, жазушы Серік Байхонов, ҚР Баспасөзінің бас редакторлары Мағауия Сенбаев, Жайберген Болатов, Маңдайлы Қосымбаева, Бибігүл Мәтеновалар болған еді. Сол күндері білім берген мұғалімдерімізді әлі күнге дейін ыстық ықыласпен еске аламыз. Бізді алғаш жатақханаға әкеліп, орналастырған ұстазымыз, кураторымыз, қазір де дәріс беріп жүрген Абдул-Хамид Мархабаев ағамыз болатын. Үлкен топтың кураторы Тауман Амандосов деген ағамыз болды. Міне, осы кісілер екі топты жетектеп, бізді адам етіп, журналист етіп бітіргізді», - деп өткен шақтың жылы сәттерін еске алды.

Бүгінде №5 студенттер үйінде студентке қажетті бар жағдай жасалған. 329 орындық студенттер үйінде компьютерлік сынып, интернет сыныбы, жайлы төсе орын, теннис

залы, жуынатын орын, асхана, мәслихат бөлмелері, оқу залдары орналасқан. Тарихы бар студенттер үйінің мерейтойында студенттер №5 студенттер үйінің меңгерушісі Гүлшат Исалмханқызына, кезекшілер Ләйла Сарсекова, Жайнаш Ерманова, Ардақ Нартбаева, Жаңылхан Башпановаларға құрмет көрсетіп, жыр оқып, күйден шашу шашты. Ақ дастарханға жайылған бауырсақ пен наурыз көжеден келген қонақтар дәм татып, мерейтойға жылы лебіздерін білдірді. Біз де жатақхананың 40 жылдық мерейтойымен жатақхана қызметкерлері және оның студент жастарын шын жүректен құттықтаймыз! Ұлттың парасатты қаламгерлерін қалыптастырып отырған факультеттің студенттерін жатын-орын мәселесінде қаймықтырмай отырған студенттер үйінің алар орны ерекше. Асылында сол парасатты буынның өсуіне себепкер болып отырған, №5 студенттер үйінің рухы асқақ бола бермек!

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
журналистика факультеті,

баспа ісі және дизайн кафедрасының
3-курс студенті, №5 жатақхана тұрғыны



АРМАНЫМ - ОЛИМПИАДАҒА БАРУ

Университетіміздің биология және биотехнология факультетінің 3-курс студенті, «Астана арланс» клубының боксшысы Асхат Уәлихановпен сұхбаттасудың сәті түсіп еді. Асхат кәсіпқой бокста және WSB сериясы бойынша алғаш рет алаңға шығып отыр. Осы уақытқа дейін 3 кездесу өткізіп, үшеуінде де жеңіске жеткен. 64 келіге дейінгі салмақта WSB рейтингі бойынша 1-орында келе жатыр.

Әңгімемізді туып-өскен өлкеңнен бастасақ?

Мен Жамбыл облысы, Шу ауданына қарасты «Қонаев» ауылында 1990 жылы дүниеге келдім. Қарапайым отбасынан шыққанмын. Отбасымызда 5 кісіміз. Әкем, анам, бір інім және бір қарындасым бар. Үйдің үміт артқан үлкенімін.

Спорттың бұл түрін таңдауыңа не себеп болды?

Боксқа келуіме бірден-бір себеп болған 2000 жылы Австралияның Сидней қаласында өткен Жазғы Олимпиада еді. Ол кезде мен 10 жаста болатынмын. Сол жылы марқұм Бекзат Саттарханов ағамыз Олимпиада чемпионы болды. Болат Жұмаділов ағамыз қоладан медаль тақты. Жалпы сол ағаларыма еліктеп, қызығып бокс үйірмесіне жазылдым. Жасыратыны жоқ бала кезімнен бұзықтау болып өстім. Бұзықтығым да себепкер болса керек.

«Астана Арлансқа» қалай келдің?

Кез келген жетістік оңайшылықпен келмейтіні белгілі. «Астана арландары» сапына барлық спортшылар секілді іріктеу кезеңінен өттім. Бірден ала қойған жоқ енді. Әртүрлі жаттығу-жиындарға бардық. Соңғы сынақта

боксшылар бір-бірімен спарингке шықты. Нәтижесінде барлық сынақтарынан сүрінбей өтіп, «Арлан» атандым.

Осы уақытқа дейін үш жекпе-жек өткізіп үлгердің. Үшеуін жеке-жеке тізіп айтып берші?

Үш кездесуімді жеке-жеке айтатын болсам. Үшеуі үш түрлі. Бірінші кездесу маған өте қиын болды. 5 раундтық кездесу бұрын менің басыма да кіріп шықпайтын еді. 3 раундтық кездесуге үйреніп қалғанмын ғой. «Арландарға» қабылданған соң ғана 5 раундтық кездесуге дайындалдым. Алғашқы кездесуімді эзирбайжандық Осам Әлиевке қарсы өткіздім. Рингке шығар алдында «Е, Аллаһ қайырын бере гөр, осынша дайындалған еңбегімнің жемісін бере гөр», - деп дұға тілеп шықтым. Жанкүйерлердің қолдауы 5 раундтың қалай өтіп кеткенін ұмыттырып жіберді.

Ал екінші кездесуімді поляк Дамиан Киввиораға қарсы өткіздім. Польшаға орташа дайындықпен бардым. Бұл менің сырт алаңдағы бірінші жекпе-жегім еді. Бір байқағаным Дамиан өз есесін жібермейтін, намысқой жігіт екен. Бұл кездесу маған қатты бір қиындық туғыза қойған жоқ.



Үшінші кездесуімдегі қарсыласым ресейлік Макс Дадашев болды. Бұл боксшы да өте мықты болатын. Бірқатар турнирлерге қатысқан, тәжірибесі толысқан жігіт. Бұл кездесуді де жеңіспен аяқтадым.

Жалпы, үш қарсыласым да осал боксшылар емес. Бірақ маған ең қиынға соққаны Максим Дадашевқа қарсы кездесу болды.

Жекпе-жектерге қалай дайындаласың?

Әр кездесуге арнайы дайындалуға тырысамын. Дайындықтың да өз ерекшеліктері болады. Дайындықты бастамай тұрып, алдымен қарсыластардың видеоларын, жекпе-жектерін қараймын. Толық мәліметтерін қарап

шығамын. Оңқай ма әлде солақай ма дегендей. Жалпы, қарсыласты толық егжей-тегжейіне дейін зерттеп шығамыз. Сонан соң қарсыласқа қарай дайындығымызды бастаймыз.

Бокстағы әр тактикамды қарсыласыма қарай өзгертіп тұрамын. Бір сарынмен кете беруге де болмайды. Қарсыластың іс-қимылына қараймын.

Нені армандайсың?

Әрбір спортшының арманы – Олимпиадаға бару ғой. Болашақ жоспарым, алдыма қойған мақсатым – Олимпиадаға бару.

Әли БИТӨРЕ

В рамках мониторинга подготовки к XXVIII-ой Всемирной зимней Универсиаде КазНУ посетил президент Международной федерации студенческого спорта (FISU) Клод-Луи Гальен

Тәуелсіз елдің арланы

ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің үлкен залында «Сұңқар» студенттер кәсіподағының «Ең үздік студенттік топ» жобасы аясында Сидней олимпиадасының чемпионы Ермахан Ибраимовпен «Тәуелсіз елдің арланы» атты кездесу кеші өтті.

Ермахан Сағиұлымен болған жылы жүздесуді студент жастар өздерінің шығармашылық концерттік бағдарламасымен бастады. Мың бұралып би билеп, әсем әнмен жүрек тербетті. Көңілдерге көктемдей нәзік сезім орнатты. Әсіресе Ермахан ағаның ақжарқын көңілі мен ақмаржан күлкісі, ақ тілегі студенттерге ерекше серпін берді.

Ермахан Ибраимов кездесу барысында қазулықтарды мерейтоймен құттықтап, өзінің мектеп жасынан бастап спортқа қызығушылық танытқанын айтты. Мәселен, футбол десе, жақсы футболшы болатынын, волейбол ойнау керек болса, жақсы волейболшы, жүгіру болса, бірінші жүгіретінін әңгімелейді. Басқа балаларға қарағанда спортты ерекше бағалағанын жеткізді. Осыны байқаған ұстаздары

оны Алматыдағы арнайы Қажымұхан Мұңайтпасов атындағы олимпиадалық даярлау орталығына жібергенін айта келе: «Олимпиадалық даярлау орталығын бітіргеннен кейін, 1991 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің заң факультетіне оқуға түстім. Осы алтын ұяда оқып жүріп, олимпиада чемпионы болдым, олимпиаданың қола жүлдегері атандым. Бұл университеттің маған бергені өте көп болды. Мен Серік Қонақбаев ағама еліктеп спортқа қарай табан тіредім. Сол арман оты менің жүрегімді жаулап, мені бокс залына алып келді. Сондықтан, бәлкім, бізден кейінгі балалар «Ермахан ағама ұқсасам» деп бокс залына келуі мүмкін. Әрқайсысыңыздың өз кумирлеріңіз бар, кейде сол кумирге ұқсасақ деген



жалын оты үлкен биіктерге жетелейді. Мен сондай жолмен жеткен жанмын. Жастар, сіздердің болашақтарыңыз алда. Сондықтан да Қазақстанға қандай еңбек істей аламыз, Қазақстанның көркеюіне не жасай аламыз, соны ойланыңыздар. Ол сіздердің қолдарыңыздан келеді. Себебі сіздер Қазақстандағы ең мықты университетте оқып жатырсыздар», – деп

студенттер сұрақтарына салмақты жауап беріп, олардың спортқа, салауатты дене мәдениетіне деген ынталарын арттыра түсті.

Кездесуді ұйымшылдықпен өткізген «Сұңқар» студенттер кәсіподағы Ермахан Ибраимовқа ерекше ілтипат көрсетіп, сый-сияпат жасады.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

■ ҚЫСҚА-НҰСҚА

География және табиғатты пайдалану факультетінің, география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының 3-курс студенттері Баятанова Әсел Қайратқызы Ш. Уәлиханов атындағы, ал Шәріп Ләззат Нұрманқызы а.ш.ғ.д., академик Ө.О. Оспанов атындағы атаулы шәкіртақы иегерлері атанды. География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасы 3-курс кадастр тобының куратор-эдвайзері Б.Т. Қожахметовтің айтуынша, бұл студенттер оқуда озат, қоғамдық жұмыста өте белсенді. Сонымен қатар бұл топта көптеген халықаралық және мемлекеттік конференциялар қатысушылары да аз емес екен. Бұл топ тек білімде ғана озат болып қоймай, түрлі іс-шаралар мен мерекелерде ән, күй, жүргізуші-ұйымдастырушылық қырларынан байқалатын өнерлерімен жұртқа танымал.

Қазақ кино өнерінің негізін салушылардың бірі, қазақтың әйгілі актері, режиссер Шәкен (Шаһкерім) Кенжетайұлы Аймановтың биыл 100 жылдығы тойланады. Қазақстанның түкпір-түкпірінде, сонымен қатар ҚазҰУ-да да мерейтойға орай іс-шаралар басталып кетті. Соның бірі жақында метеорология және гидрология кафедрасы студенттерінің ұйымдастыруымен өткен «Meteo Movie» кинофестивалі. Метеорология және гидрология кафедрасының оқытушысы А.Н. Мұңайтпасова кинофестивальда көрермендердің сүйікті әрі танымал киноленталарына айналған «Біздің сүйікті дәрігер», «Тақиялы періште», «Алдар Көсе» фильмдерінен үзінділер көрсетілгендігін айтты. Ал А.Р. Сүлейменова студенттер комедия, мелодрама, трагедия, фантастика жанрларында фильмдер түсіріп, «Ең үздік актер», «Ең үздік актриса», «Ең үздік режиссерлік жұмыс» және «Ең үздік фильм» номинациялары бойынша марапатталғандығын тілге тиек етті. Осылайша, шығармашылық кеш Ш. Аймановтың кинематографиялық және әртістік талантына тәнті болғандардың басын қосты.

«ҰЛТТЫҚ ЛИГА» – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ!



Жақында ҚазҰУ-дың 80 жылдығына орай әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Назарбаев Университеті арасында баскетболдан жолдастық кездесу өтті.

ҚазҰУ-дың журналистика факультеті белсенді студенттерінің «PRime time group» бірлестігі ұйымдастырған бұл кездесу «Ұлттық Лига» құру жобасы бойынша бірнеше жыл қатарынан өткізіліп, дәстүрлі шараға айналып келеді. «Ұлттық Лига» – Қазақстан Республикасының ең мықты университеттерін біріктіретін спорттық

лига.

Бұл жобаның негізі әлемдегі 8 университетті біріктіретін «Плюс Лигасы» болып табылады. АҚШ-тың соңғы 4 президенті осы лиганың мүшесі болған. «Ұлттық Лиганың» мақсаты – осы тәжірибеге сүйене отырып, жан-жақты, білімді, белсенді студенттерді біріктіріп, болашақ «мемлекеттің элитасын» қалыптастыру.

Кездесу Қазақ ұлттық университетінің жеңісімен аяқталды. Әуесқой команда болғанымен де, Бретт Крейг бастаған

Назарбаев Университетінің ойыншылары да мықты қарсылас бола алды. Ойынның бірінші минутынан бастап, соңғы секундтарына дейін тренер Мартыненко Ирина Ивановна дайындаған ҚазҰУ құрамасы өз тактикасымен, керемет ойын техникасымен ерекшеленді. Әрине, ойынды кім жеңгенімен де, бастысы, екі ірі университеттің студенттері арасында байланыс орнап, достық қарым-қатынас пайда болды. Бұл – екі университет үшін де үлкен жеңіс.

Жансая ОСПАНОВА

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Тілшілер: Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА
Дизайнер – Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай: kazuniver-gazeti@mail.ru
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
“Гамма-принт” баспаханасында (Райымбек даңғылы, 369) басылды.
Тел.: 8 (727) 247-98-30, 247-98-31

Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 442

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.